

«№11 «Нагерке» бобекжай – балабақшасы» МКҚК

**Педагогикалық әдеп кеңесінің құжаттары  
2024-2025 оқу жылы**

**Ақтобе қаласы**

Бекітемін:  
№41 «Назерке» бобекжай-балабақшасының  
меңгерушісі А.Г. Уртамбаева  
«22» 09 2024ж



**Педагогикалық әдеп кеңесі отырысының жұмыс жоспары  
2024-2025 оқу жылы**

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы Күн тәртібінде: 1. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту. 2. 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту. 3. «Педагог мәртебесі туралы» Заңымен таныстыру.	Қыркүйек	Хаттама
	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы Күн тәртібінде: 1. Педагогикалық әдеп кодексін талқылау. 2. «Ұжымдағы қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында дөңгелек үстел. 3. Ата-аналармен тиімді байланыс орнату жолдары.	Қараша	Хаттама
	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы Күн тәртібінде: 1. Педагогтің сыртқы келбеті мен сөйлеу мәдениеті 2. Педагогтің құқықтары 3. Әлеуметтік желідегі педагог әдебі туралы түсіндіру жұмыстары	Наурыз	Хаттама
	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы Күн тәртібінде: 1. Педагогтердің ұсыныстары мен өтініштерін қарау 2. Әдеп талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу 3. Жылдық жұмысты қорытындылау	Мамыр	Хаттама

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

## ХАТТАМА №1

Өткізілген күні: Қыркүйек айы 2024ж

Қатысқандар: педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Торайымы: Смагулова Г. Г.

Хатшы: Ерланқызы А.

### Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту.
2. 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
3. «Педагог мәртебесі туралы» Заңымен таныстыру.

#### 1. Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі А.Г Уртамбаева сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп кеңесінің жаңа оқу жылына арналған құрамын таныстырды. Педагогикалық әдеп кеңесінің торайымы Г. Смагулова, хатшысы Ерланқызы А болып сайланды. Кеңес мүшелерінің міндеттері мен жауапкершіліктері түсіндірілді.

#### 2. Сөз сөйледі:

Әдеп кеңесінің торайымы Г. Смагулова 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда педагогтердің кәсіби әдебін сақтау, ұжым арасындағы қарым-қатынасты нығайту, құқықтық сауаттылықты арттыру бағытындағы жұмыстар қамтылғаны айтылды.

#### 3. Сөз сөйледі:

Әдіскер А.Ж Ахметова «Педагог мәртебесі туралы» Заңы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Педагогтердің құқықтары, міндеттері және кәсіби әдеп талаптары туралы ақпарат берілді.

### Қаулы:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы бекітілсін.
2. 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

3. «Педагог мәртебесі туралы» Заңы педагогтерге таныстырылып, күнделікті жұмыста басшылыққа алынсын.

4. Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау тұрақты бақылауда болсын.

Төрайымы: Г. Смагулова

Хатшы: А. Ерланқызы

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

## ХАТТАМА №2

Өткізілген күні: қараша айы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, психолог, тәрбиешілер

Төрайым: *Смолцова Т.Т.*

Хатшы: *Ермангоул А.*

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Педагогикалық әдеп кодексін талқылау.
3. «Ұжымдағы қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында дөңгелек үстел
4. Ата-аналар мен тиімді байланыс орнату жолдары.

### 1. Сөз сөйледі:

Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова өткен кеңестің шешімінің орындалуы бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы бекітіліп, мүшелер арасында міндеттер бөлінді. 2024–2025 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде. «Педагог мәртебесі туралы» Заңы педагогтерге таныстырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Педагогтар күнделікті жұмыс барысында заң талаптарын басшылыққа алуда. Педагогикалық әдеп талаптарының сақталуы тұрақты бақылауға алынып, ұжым ішінде әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

### 2. Тыңдалды:

Балабақша психологы А. Айжанова педагогикалық әдеп кодексін сақтау туралы сөз сөйледі. Педагог қызметкерлердің кәсіби әдебі, әріптестер мен және ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Әдеп нормаларын сақтау – ұжымдағы жағымды ахуалдың негізі екені айтылды.

### 3. Тыңдалды:

Балабақна әдіскері А.Ж Ахметова «ұжымдағы қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында доңгелек үстел өткізілді. Тәрбиешілер өзара сыйластық, бір-біріне қолдау көрсету, кәсіби мәдениетті қалыптастыру туралы пікір алмасты. Ұжымдық ынтымақтастықтың бала тәрбиесіндегі маңызы атап өтілді.

### 4. Тыңдалды:

Әдеп кеңесінің төрайымы Г. Смагулова ата-аналар мен тиімді байланыс орнату жолдары қарастырылды. Тәрбиешілер ата-аналар мен ашық қарым-қатынас жасау, жиналыстарды тиімді өткізу, кері байланысты күшейту жөнінде ұсыныстар айтты.

### Қаулы:

1. Педагогикалық әдеп кодексінің талаптарын қатаң сақтау барлық педагогтарға міндеттелсін.
2. Ұжымда жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Ата-аналармен байланысты нығайту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылсын.
4. Әдеп нормаларын сақтау және қарым-қатынас мәдениетін дамыту бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Төрайым:  Г. Смагулова

Хатшы:  А. Ерланқызы

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

## ХАТТАМА №3

Өткізілген күні: Наурыз айы

Қатысқандар: балабақша педагогтері мен қызметкерлері

Төрайымы: *Смагулова . Г. С.*

Хатшы: *Смагулова*

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы
2. Педагогтің сыртқы келбеті мен сөйлеу мәдениеті
3. Педагогтің құқықтары
4. Әлеуметтік желідегі педагог әдебі туралы түсіндіру жұмыстары

### 1. Тыңдалды

Балабақша әдіскері А.Ж. Ахметова өткен кеңестің шешімінің орындалуы бойынша педагогикалық әдеп кодексінің талаптарын сақтау бойынша тәрбиешілер мен қызметкерлерге түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, күнделікті қызмет барысында сақталуда. Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында семинарлар, тренингтер және ұжымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Ата-аналармен тығыз байланыс орнату мақсатында ата-аналар жиналыстары, ашық есік күндері және жеке кеңестер өткізілді. Балабақша қызметкерлері арасында әдеп нормаларын сақтау, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін арттыру бағытында тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

### 2. Сөз сөйледі

Тәрбиеші Асап Ақмарал балабақша педагогтерінің сыртқы келбеті, киім үлгісі және сөйлеу мәдениеті туралы баяндама оқыды. Тәрбиешілердің балалармен, ата-аналармен қарым-қатынаста сыпайылық пен мәдениетті сақтауы, әдеп нормаларын ұстануы айтылды.

### 3.Тыңдалды

Э

Әдеп кеңесінің төрайымы Г. Смагулова сөз алып, педагогтердің құқықтары мен міндеттері туралы түсіндірме берілді. Педагогтердің кәсіби қызметіне құрметпен қарау, еңбек құқықтарын сақтау мәселелері талқыланды. Сонымен қатар педагогтердің білім беру процесінде еркін әдіс-тәсіл таңдау, біліктілігін арттыру және қауіпсіз еңбек жағдайымен қамтамасыз етілу құқықтары түсіндірілді.

### 4.Тыңдалды

Балабақша әдіскері А.Ж. Ахметова әлеуметтік желілерді пайдалану барысында педагогикалық әдепті сақтау, жарияланымдарда мәдениеттілік таныту және балабақша беделін қорғау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қаулы:

1. Барлық педагогтерге педагогикалық әдеп талаптарын қатаң сақтау міндеттелсін.
2. Педагогтердің сөйлеу мәдениеті мен сыртқы келбетіне үнемі бақылау жүргізілсін.
3. Әлеуметтік желідегі педагог әдебі бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жалғастырылсын.
4. Ата-аналармен және балалармен қарым-қатынаста әдептілік нормалары сақталсын.

Төрайым: Г. Смагулова Г. Смагулова

Хатшы: А. Ерланқызы А. Ерланқызы

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

## ХАТТАМА №4

Өткізілген күні: Мамыр айы

Қатысқандар: балабақша педагогтері мен қызметкерлері

Торайымы: *Сенгалуова Т.А.*

Хатшы: *Ермағұлова А.*

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы
2. Педагогтердің ұсыныстары мен өтініштерін қарау
3. Әдеп талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу
4. Жылдық жұмысты қорытындылау

### 1. Тындалды:

Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова барлық педагогтерге педагогикалық әдеп талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, күнделікті қызмет барысында қатаң сақталуда. Педагогтердің сөйлеу мәдениеті мен сыртқы келбетіне әдіскер тарапынан бақылау жүргізіліп, талапқа сай жұмыс атқарылуда. Әлеуметтік желідегі педагог әдебі бойынша тәрбиешілермен түсіндіру және профилактикалық жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста әдептілік нормаларын сақтау бойынша жұмыстар жүргізіліп, педагогтер тарапынан мәдениетті қарым-қатынас орнатылған.

### 2. Тындалды:

Педагогтердің ұсыныстары мен өтініштері тыңдалып, оқу-тәрбие процесін жетілдіру, балалармен жұмыс сапасын арттыру және ата-аналармен байланысты нығайту мәселелері қаралды.

### 3. Сөз сөйледі:

Балабақша әдіскері А.Ж Ахметова балабақшада педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысы мен таныстырды. Педагогтердің қызмет барысында сөйлеу мәдениетін, сыртқы келбетін және қарым-қатынас әдебін сақтау деңгейі талқыланды.

#### 4. Тыңдалды:

Әдеп кеңесінің төрайымы Г. Смагулова сөз алып 2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыстары қорытындыланды. Жыл бойы атқарылған іс-шаралар мен түсіндіру жұмыстарының нәтижелері айтылды.

#### Қаулы:

1. Педагогтердің ұсыныстары мен өтініштері назарға алынып, тиісті жұмыстар жүргізілсін.
2. Әдеп талаптарының сақталуына бақылау және мониторинг жұмыстары тұрақты жалғастырылсын.
3. Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру бағытындағы жұмыстар күшейтілсін.
4. Педагогикалық әдеп кеңесінің жылдық жұмысы жақсы деп танылсын.

Төрайым: Г. Смагулова Г. Смагулова

Хатшы: А. Ерланқызы А. Ерланқызы